

ҒТАХА 03.20.00

<https://doi.org/10.62724/202620102>

Аман Әлібек Бақытжанұлы*¹

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e_alibek@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-2725-6941

САҒЫНДЫҚ ДОСЖАНОВТЫҢ 1917-1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты ХХ ғасырдың басындағы қазақ ағартушылардың бірі Сағындық Досжановтың қоғамдық-саяси қызметінің Ақпан және Қазан революцияларынан кейінгі, азамат соғысы жылдарындағы кезеңін зерделеу. Сағындық Досжановтың белсенді қоғамдық-саяси қызметі Ақпан төңкерісінен кейін басталып, ол Торғай облыстық және бірінші, екінші жалпықазақ съездерінің қатысушысы және оны ұйымдастырушылардың бірі болады. Екінші жалпықазақ съезін ұйымдастыру жөніндегі комиссия мүшесі болып, алаш көсемдерімен қоян-қолтық, иық теңестіре жұмыс жүргізеді. Азамат соғысы жылдарында Халел және Жаһанша Досмұхамедовтармен бірге Алаш Орданың батыс бөлімін ұйымдастыру жұмысына атсалысады. Алайда азамат соғысы барысындағы ахуалдың өзгеруіне байланысты бірқатар алаш өкілдерімен бірге кеңестер жағына шығады. Осы кезеңнен бастап кеңестік билік тұсындағы қызметі басталды. Алайда 1920-1930 жылдардағы кеңс өкіметінің партиялық тазалау науқандары тұсында қуғын-сүргінге ұшырайды. Зерттеу жұмысының құндылығы ағартушы Сағындық Досжановтың қоғамдық-саяси қызметінің бұрын-соңды беймәлім тұстарының зерделенуі және оның өзгерген жағдайда қазақ мемлекеттілігін жандандыруға талпынған қазақ зиялыларымен бірге жасаған қоян-қолтық жұмысына баға беру. Зерттеу барысында салыстырмалы, тарихнамалық, деректемелік талдау жасау тәсілдері қолданылды. Сонымен бірге осы тарихи саланы зерттеушілердің пікірі де назарға алынды. Зерттеу нәтижесінде Сағындық Досжановтың қоғамдық-саяси өмірінің беймәлім тұстары туралы ақпарат алынды. Ал бұл нәтижелерді өз кезегінде жалпы алаш қозғалысының, оның аймақтық ерекшеліктерін зерттеуге қолдануға болады.

Кілт сөздер. Сағындық Досжанов, Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі, облыстық қазақ съездері, жалпықазақ съездері, автономия, Алаш Орданың батыс бөлімі, алаш әскері, қазақ зиялылары, Алаш партиясы, облыстық қазақ комитеттері.

Аман Алибек Бақытжанович*¹

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, e_alibek@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-2725-6941

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ САҒЫНДЫКА ДОСЖАНОВА В 1917–1920 ГОДАХ

Аннотация. Цель исследования – изучить общественно-политическую деятельность одного из представителей казахской интеллигенции начала ХХ века Сағындыка Досжанова в период после Февральской и Октябрьской революций, а также в годы гражданской войны. Активная общественно-политическая деятельность Сағындыка Досжанова началась после Февральской революции 1917 года. Он являлся

участником Тургайского областного съезда, первого и второго Всеказахских съездов, а также входил в число их организаторов. Будучи членом комиссии по подготовке второго Всеказахского съезда, он тесно сотрудничал с лидерами движения «Алаш» и принимал активное участие в решении вопросов национально-государственного строительства. В годы гражданской войны Сагындык Досжанов совместно с Халелом и Жаханшой Досмухамедовыми участвовал в организации Западного отделения Алаш-Орды. Однако в связи с изменением военно-политической обстановки в период гражданской войны, наряду с другими представителями движения «Алаш», он перешёл на сторону советской власти. С этого времени начинается его деятельность в советских государственных учреждениях. Тем не менее, в ходе партийных чисток 1920–1930-х годов он подвергся политическим репрессиям. Научная новизна исследования заключается в рассмотрении ранее малоизученных аспектов общественно-политической деятельности Сагындыка Досжанова, а также в оценке его вклада в деятельность казахской национальной интеллигенции по возрождению в новых условиях казахской государственности. В ходе исследования были использованы сравнительно-историографический и источниковедческий методы анализа. Кроме того, были учтены выводы и оценки отечественных исследователей по данной проблеме. В результате исследования получены новые сведения о малоизвестных страницах общественно-политической деятельности Сагындыка Досжанова. Полученные результаты могут быть использованы при дальнейшем изучении истории движения «Алаш», в том числе его региональных особенностей.

Ключевые слова. Сагындык Досжанов, движение Алаш, правительство Алаш-Орды, областные казахские съезды, общеказахские съезды, автономия, Западное отделение Алаш-Орды, Алашская армия, казахская интеллигенция, партия «Алаш», областные казахские комитеты.

Aman Alibek Bakytzhanovich*1

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, [e_alibek@mail.ru](mailto:alibek@mail.ru),
ORCID ID: 0000-0002-2725-6941

SOCIO-POLITICAL ACTIVITIES OF SAGYNDYK DOSZHANOV IN 1917–1920

Abstract. The purpose of this study is to examine the socio-political activities of Sagyndyk Doszhanov, one of the representatives of the Kazakh intelligentsia of the early twentieth century, during the post-revolutionary period, specifically following the February and October Revolutions of 1917 and throughout the years of the Russian Civil War. Sagyndyk Doszhanov's active socio-political career began after the February Revolution of 1917. He participated in the Turgai Regional Congress as well as the First and Second All-Kazakh Congresses and was among their organizers. As a member of the commission responsible for organizing the Second All-Kazakh Congress, he worked closely with the leaders of the Alash movement and actively contributed to discussions concerning the establishment of Kazakh national statehood. During the Russian Civil War, Sagyndyk Doszhanov, together with Khalel and Zhahansha Dosmukhamedov, participated in organizing the Western Branch of the Alash Orda government. However, due to the changing military and political situation during the Civil War, he, like a number of other representatives of the Alash movement, joined the Soviet side. From that period onward, he served in Soviet state institutions. Nevertheless, during the party purges of the 1920s and 1930s, he became a victim of political repression. The scientific novelty

of this study lies in its examination of previously unexplored aspects of Sagyndyk Doszhanov's socio-political activities and in its assessment of his contribution to the collective efforts of the Kazakh national intelligentsia striving to restore Kazakh statehood. The study employs comparative historiographical and source-based methods of analysis. In addition, the views and conclusions of previous researchers have been taken into consideration. The findings provide new information on previously little-known aspects of Sagyndyk Doszhanov's socio-political activities. These results may contribute to further research on the history of the Alash movement, including its regional characteristics.

Key words. Sagyndyk Doszhanov, Alash movement, Alash Orda Government, Regional Kazakh Congresses, All-Kazakh Congresses, Autonomy, Western Branch of Alash Orda, Alash Army, Kazakh Intelligentsia, Alash Party, Regional Kazakh Committees.

Кіріспе. XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы қазақ халқының азаттық пен тәуелсіздікке ұмтылуының маңызды кезеңдерінің бірі болды. Алпауыт Ресей империясы ыдырай бастаған, оның құрамында болған халықтарға өз тағдырын өз қолдарына алуға мүмкіндік туған аумалы-төкпелі кезеңде шетте қалмай қазақ болашағы үшін күреске бел буған тұлғалар аз болмады. Осындай жағдайда еліміздің түпкір-түпкірінен шыққан халық болашағының жанашырларының өлшеусіз еңбегінің арқасында қазақтың ұлттық қозғалысы пайда болды. Бүгінде олардың көпшілігінің өмір жолы мен қызметі бізге таныс. Дегенмен, әлі де бұл мәселе толыққанды және жан-жақты қаралып болды деп айту қиын. Сондықтан да аталмыш қозғалыстың бұрын-соңды кеңінен танылмаған өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметін зерделеу өзекті мәселелердің бірі болып тұрғаны белгілі.

Солардың бірі Ақпан оқиғаларына дейін ағартушылықпен айналысып, одан соң белсенді саяси жұмыстарға араласқан Сағындық Досжанов болып табылады. Сағындық Досжанов қазақтың тұңғыш дәрігер қыздарының бірі Аққағаз Досжановаға әке орнына әке болып, оның оқып білім алуына қамқорлық көрсеткен адам ретінде де белгілі. Ол Ақпан революциясынан кейін Торғай облыстық қазақ съезін ұйымдастырып, одан соң бірінші және екінші жапықзақ съездеріне қатысып, жалпыұлттық қозғалысқа белсене араласады. Одан соң Алашорданың батыс бөлімінің жұмысына араласып, уақыт өте келе сол қазақтың мүддесі үшін қызметін жалғастыру барысында кеңестер жағына өтеді. Алайда кеңестік биліктің партиялық тазалау науқандары барысында қуғын-сүргіннің құрбаны болады. Осындай өз халқы үшін күреске барлық күш-жігерін арнаған, сонымен бірге көптеген жағдайда өмірін берген тұлғалардың өмірлік жолдары мен қызметін зерттеу отандық тарихта өзекті болып қала бермек.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалаға жарық көрген материалдар мен құжаттар жинағының мәліметтері кеңінен пайдаланылды. Бұл құжаттар мен материалдар С.Досжановтың облыстық, жалпықазақ съездерін ұйымдастыруы мен атқарған қызметі туралы ақпараттарды анықтап қолдануға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мұрағат деректері қаралып отырған кезеңдегі саяси қуғын-сүргін барысынан мәліметтер ұсынады. Мақалада тарихи үдерістерді салыстыру, олардың нәтижелерін баяндауда тарихи-салыстырмалы әдіс қолданыс тапса, хронологиялық әдіс арқылы оқиғалар рет-ретімен жүйелі түрде баяндалады. Сонымен бірге, тарихнамалық және деректемелік талдау жасау арқылы, осы тақырыпқа қарасты зерттеулер авторларының пікірлері мен мұрағат деректері жұмыстың мазмұнын ашуда қолданыс тапты.

Нәтижелері және оларды талқылау. Алаш Орда, оның батыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі Сағындық Досжанов Ақпан төңкерісіне дейінгі әкімшілік бөлініс

бойынша Торғай облысы, Ақтөбе уезінің Бөрте болысында 1876 жылы дүниеге келеді. 1900 жылы Орынбордағы оқытушылар мектебінде білім алады.

Сағындық Досжанов бір деректерде қазақтың тұңғыш дәрігер қызы Аққағаз Досжанованың әкесі делінсе, екінші бір деректерде немере ағасы делінеді. Әкесі деген мәлімет қате болып табылады, себебі «Қазақ» газетінде берілген хабарламада әкесі Омар Досжановтың милиционерлердің қолынан оққа ұшқандығы айтылса, ал Аққағаз Досжанованың естеліктерінен әкесінің патша өкіметінің зорлы-зомбылығына қарсы шыққаны үшін, Сібірге жер аударылып, саяси көзқарастарының қалыптасуына жер аударылған революционерлердің ықпал еткені туралы мәліметтер көреміз. Жалпы зерттеушілер Омар Досжановтың большевиктік бағыт ұстанғандығын атап көрсетеді [1, 115-б.]. Осы себептен Сағындық Досжанов Аққағаз Досжановаға әке орнына әке болып, қамқорлық көрсетеді. XIX ғ. аяғы-XX ғ. басында оқу-ағарту ісімен айналысқан С.Досжановты кейбір зерттеушілер Ыбырай Алтынсариннің шәкірті ретінде де атайды.

Сағындық Досжановтың өмірі мен қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметін бірнеше кезеңдерге бөлуге де болады. Төңкеріске дейінгі бірінші кезеңде қайраткер ағартушылықпен айналысса, төңкерістен кейінгі кезеңде қоғамдық-саяси қызметке белсене араласады. Ал кеңестік билік орнағаннан кейін кеңестік мекемелерде қызмет етеді. Алаш қозғалысына арналған энциклопедиялық еңбекте оның Орынбордағы оқытушылар мектебін бітірген соң, Орынборға жақын Томарөткел деген жерде және Бұрты болысында екі кластық орыс-қырғыз (қазақ) мектебін ашып, ол мектептерде қазақ балаларын оқытып, шәкірт тәрбиелеп, бала оқыту ісіне басшылық жасағаны жазылады. Сөйтіп, ағартушылық жұмысының іргетасын осылай қалайды. Сонымен бірге Ойыл, Қобда және Қалмаққырған өңірлерінде де мектептер ұйымдастырады. Ол мектеп ашып, бала оқытудың сыртында білімнің маңызын, қазақ қоғамына қажеттілігін түсіндіріп, қазақ балаларын білім алуға шақырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сөйтіп, қазақ қоғамындағы ағартушылықтың жүзеге асуына, халықтың сауаттануына үлес қосады [2, 146-б.].

Сағындық Досжановтың белсенді қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысымен байланысты және 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін басталады. Дегенмен кейбір деректер оның 1914 жылдан бақылауда болғандығын көрсеткендігіне қарағанда, төңкеріске дейінгі кезеңде-ақ саяси қызметтерге араласа бастағандығын да байқауға болады [3].

Төңкерістен кейінгі уақытта өлкеде жер, ұлттық теңдік, оқу-ағарту, мәдени-шаруашылық, сот, жергілікті басқару және т.б. мәселелерді көтеріп, ұлттық мүддеге сай келетін талаптар мен ұсыныстарды күн тәртібіне қойған болыстық, уездік, облыстық қазақ съездері өткен болатын. Сағындық Досжановтың есімі алдыменен Ақпан төңкерісінен кейін өткен облыстық қазақ съездерінде, атап айтқанда 1917 жылғы 2-8 сәуірде Орынборда өткен I Торғай облыстық қазақ съезінде аталады. Үш жүз адамнан астам жиналған съезге өзге облыстардың өкілдерімен қатар Уфа, Қазан мұсылман комитетінің, Орынбор мұсылман бюросы және т.б. өкілдерімен қатар А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды алаш көшбасшылары да қатысады. Съезді ашқан А.Байтұрсынов теңдік пен жаңа құрылысты нығайту мақсатында жергілікті жерлерде тыныштық пен тәртіпті сақтау, жаңа үкіметке қолдау көрсету үшін қазіргі таңда бірігу қажеттігін атап өтеді. Содан кейін Төралқа сайланып, төрағасы болып А.Байтұрсынов, орынбасарлары: Алпысбай Қалменов, Уалитхан Танашев, хатшылары болып Сейдәзім Қадырбаев, Омар Алмасов және Шафхат Бекмұхамедов сайланады [4, 21-22-бб.].

Съездің күн тәртібіндегі жалпықазақ съездері, мемлекеттік басқару формасы және құрылтай жиналысы, аграрлық мәселе, жергілікті басқару және т.б. барлығы 14 мәселенің ішінде алғашқысы азаматтық комитеттер құру болатын. Жалпы алғанда

уақытша үкіметке ықпал жасау, тыныштық пен тәртіпті сақтау, халықты құрылтай жиналысы сайлауларына дайындау және т.б. мақсаттар үшін бір-бірімен тығыз байланысты ауылдық, болыстық, уездік және облыстық деңгейлерде азаматтық комитеттер құру туралы қарар қабылдайды. Азаматтық комитеттер құру мәселесі бойынша комитеттерді ұйымдастыру мен құрудың дұрыстығын бақылау мақсатында әр уезде комиссия құрылып, С.Досжанов Ақтөбе уезі бойынша комиссияның құрамына енгізіледі. Сондай-ақ комиссия құрамында Ержан Өтемісов, Аталық Кенесарин, Мырзағұл Жұрымов, Ақдәулет Құлшықов, Бақыткерей Кейкин, Алмұхамед Лекеров, Нұрым Ирмұхамедов, Жақып Кенжебаевтар болады. Ал Ырғыз уезі бойынша комиссия құрамында Әбділқадыр Алматов, Шайқұл Хасенов, Тұрмұхамед Қисықов, Мұхамед Тасқарин, Жұмақан Шотин, Хайрулла Төлебаев, Өтеғұл Шманов, Ризабай Байдосов, Қожаберген Тыштыбаевтар болады [4, 25-26-бб.].

Басқосуда жалпықазақтық және жалпымұсылмандық съездер мәселесі қаралып, қазақ халқының басын біріктіру, олардың қажеттіліктерін талқылау мақсатында жалпықазақ съезін шақыру қажеттігі айтылып, оны ұйымдастыру үшін сегіз адамнан тұратын ұйымдастыру бюросы құрылады. Торғай облыстық съезінде көтерілген аса өзекті мәселені ұйымдастыру үшін құрылған бюроның құрамында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдәзім Қадырбаев, Омар Есенқұлов, Имам Әлімбеков, Есен Тұрмұхамедов және Керей Тұрымов болады. Сонымен бірге сол жылдың 1-8 мамырында Мәскеуде өтпекші жалпымұсылмандар съезіне Торғай облысы атынан съезд 4 делегат Ораз Тәтиев, Сейдәзім Қадырбаев, Сұлтанқазы Ысқақов, Аққағаз Досжановалар барады деп қаулы етеді. Делегаттар арасындағы Аққағаз Досжанова жоғарыда аталғандай Сағындық Досжановтың немере қарындасы болатын [4, 26-27-бб.].

Съезд соңында 1916 жылғы Торғай облысындағы қара жұмысқа адам алудағы және облыстағы ұлт-азаттық көтерілісті басудағы заңсыздықты тексеріп, айыптыларды жазалау үшін ерекше тергеу комиссиясын құруды Уақытша үкіметтен талап етеді. Торғай әскери-өнеркәсіптік комитеттің мүшелері сайланып, осы комитет жанынан ревизиялық комиссия құрылып, оның мүшелері ретінде М.Дулатов, Ғ.Ибрагимов, Е.Тұрмұхамедовтармен бірге Сағындық Досжанов та сайланады [4, 36-б.].

Алғашқы болып өткізілген Торғай облыстық съезі күн тәртібіне ең көкейкесті деген мәселелерді шығаруымен және оның қабылдаған қаулыларының бір облыс ғана емес, жалпы елге де қатысы болды. Алаштанушы ғалым К.Нұрпейісов съезд қарарларының бір ғана Торғай облысы емес, бүкіл қазақстандық мәнге ие болды. Сондықтан да Торғай облыстық қазақтар съезі қабылдаған қарарлар елдің басқа өңірлеріндегі басқосулар үшін үлгі болды деп көрсетеді [5, 93-б.].

1917 жылы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылданып, оның артын ала оған дайындық жұмыстары басталып кеткен болатын. Съезді ұйымдастыруды қолға алған топ күн тәртібіне қойылатын мәселелерді «Қазақ» газеті арқылы халық талқысына ұсынып отырды. Съездің күн тәртібіне қоятын сұрақтар сол тарихи кезеңдегі мемлекеттік құрылыс, дін, жер, оқу-ағарту және т.б. көкейкесті мәселелер еді. Сөйтіп тұңғыш жалпықазақ съезі 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өтіп оған, Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарымен Бөкей ордасынан 20-дан астам адам қатысады. Алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев съездің хаттамасы сақталмағандығын, осыған орай жасалған баяндамалар мен айтылған пікірлер туралы айтудың қиындығын атап көрсетеді [6, 299-б.]. Съезде С.Досжанов Алаш партиясы құрылған сәтте, партия мүшелігіне өтеді.

Жалпықазақ съезінен кейін бір ай шамасында 20-25 тамыз аралығында Торғай облыстық екінші қазақ съезі өтіп, оның негізгі ұйымдастырушыларының бірі Сағындық

Досжанов болды. Ақтөбеде өткізілген бұл бас қосуға Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз және Торғай уездерінің делегаттары қатысқан. Съезд президиумы 5 адамнан тұрған: төрағасы Мырзағазы Есболов, мүшелері ретінде Сағындық Досжанов пен Ахмет Тұңғашин сайланса, хатшылары Тел Жаманмұрынов пен Әбдіхамид Жүндібаев болған. Жиын бағдарламасы мемлекеттік басқару формасы, қазақ облыстарының автономиясы, жер мәселесі, халыққа білім беру, сот секілді 15 өзекті мәселелерді қарастырып, алғашқы мәселелер бойынша Ресейде демократиялық федеративтік республика болуы тиіс, ал қазақ халқы үшін ұлттық-территориялық жалпықазақ автономиясын енгізу қажет деген қарарлар шығарады. Бұл съезде Ә.Жүндібаевтармен қатар Сағындық Досжанов та басты рөлдердің бірін атқарады. «Алаш Орда» құжаттар жинағының авторы Н. Мартыненко Ақтөбедегі съезд жөніндегі ескертпесінде: «...этот съезд, как и в других губерниях, проходил под руководством таких деятелей как Дощанов, Жундубаев, являвшимися впоследствии заправилами партии Алаш. Принятые резолюции говорят о том, что Россия должна быть демократической федеративной республикой и о необходимости создать самостоятельную киргизскую национальную партию», - деп көрсетеді [4, 54-б.]. Мәжілістің ашылуын бастап берген Сағындық Досжанов, съезд барысында белгілі бір себептермен төрағалықтан бас тартқан М.Есболовтың орнына, жиынның қалған жұмысына төрағалық етеді. Съезде Құрылтай жиналысы және оған кандидаттар сайлау мәселесі қаралып, Абдулла Теміров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Елжан Оразов, Тел Жаманмұрыновтармен бірге С.Досжанов Торғай облысынан құрылтай жиналысына кандидат ретінде ұсынылады [4, 58-59-бб.].

Уақытша үкіметтің өлкедегі ең өзекті мәселерді шеше алмаған, оны шешуді күн тәртібіне де қоймаған тұрақсыз саяси билікке айналуы, сонымен бірге бүкіл империяны қамтыған аласапыран қазақ облыстарын бүліншіліктен қорғау мақсатындағы алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай еді. Бұл ретте «Қазақ» газетінде басылған «Ел қорғау» атты мақалада: «...Қазір бізге басынды, мал-мүлкің, жер-суыңды қорғама деп тиятын да Ресей жоқ, пана болып қорғарлық та Ресей жоқ. Қазаққа өз жабдығыңды өзің ойла, өлмес қамыңды істе деп отырғанымыздың мәні осы» деп жазылды [7, 45-б.]. Осындай алмағайып жағдайда, Орынборда шоғырланған қазақ зиялылары 1917 жылдың күзінде Алаш партиясы басшыларының шешіміне сәйкес жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдап, оны ұйымдастыру ісі бес адамнан тұратын комиссияға жүктеледі. Олардың құрамында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров болды. Кейінен М.Қойгелдиев көрсеткендей бұл кісілерге А.Бірімжанов, Ж.Жәнібеков, Ф.Ғалымжанов, К.Арынғазиев, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов қосылады [6, 326-б.]. Бұдан С.Досжановтың Торғай облыстық қазақ съездерін ұйымдастыру мен өткізудегі белсенділігі нәтижесінде жалпыұлттық деңгейге көтерілгендігін байқаймыз. Алаштанушы К.Нұрпейісовтің: «Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов және Е.Омаровтардың белсенді еңбегінің нәтижесінде съезге 80-ге жуық делегаттар бас қосты»-деген пікіріСағындық Досжановтың алаш көсемдерімен қоян-қолтық, иық теңестіре жұмыс жасағандығын көрсетеді [5, 152-б.].

Съездің күн тәртібінде мынадай 10 мәселе болатын. Олар: 1.Сібір, Түркістан автономиясы һәм «Юго-Восточный союз» туралы, 2.Қазақ-қырғыз автономиясы; 3.Милиция; 4.Ұлт кеңесі; 5.Оқу мәселесі; 6.Ұлт қазынасы; 7.Муфтилік мәселесі; 8.Народный суд; 9.Ауылный управление; 10.Азық-түлік мәселесі. Съездің күн тәртібіндегі ең негізгісі ұлттық автономия болатын. Бұл ретте съезд ұлттық автономия құруды, оның атауын «Алаш» деп атау туралы шешім шығарды. Алайда съезге жиналғандар қазақ автономиясын жария ету мерзіміне келгенде екіге жарылды. Бірі қазақ автономиясының құрылғандығын бірден жария етуді көздесе, екіншілері

автономияны ресми жариялауды кейінге қалдыруды ұсынды. Автономияны бірден жариялауды қолдаған Х.Досмұхамедов, Ғ.Әлібеков, А.Кенжин, Д.Күсепқалиев, Ж.Досмұхамедов сынды 33 адамның арасында Сағындық Досжанов та болды. Бірақ пікірталас мұнымен де аяқталмай, азшылықта қалған өкілдер көпшіліктің ұсынымен келіспей автономияны қазір жарияламаса, біз Түркістан автономиясына қосыламыз деп талап қояды. Съезд алаш баласының бытырамауын абзал көріп, ымыралы бір шешімге келеді [4, 20-28-бб.].

Алаш Орданың батыс бөлімі жетекшілерінің бірі Жаһанша Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси өмірін зерттеуші Р.Мәжитовтың пікіріне қарағанда автономияны жариялаудың уақыты туралы пікір қайшылығы, Ж.Досмұхамедов және оның жақтастарының автономияны жедел жариялау қажеттілігі қысқа мерзімде автономияны жариялап, Қазақстанның батысында қарулы күштерді ұйымдастыру ниеттерінен туындаған. Ал бұл өлкенің күрделі әскери жағдайында халықты талап-тонаудан құтқару үшін аса маңызды болды. Осы тығырықтан шығар жол Қазақстанның батыс өңірінде автономия жариялау болған [8, С.71].

Міне осы кезеңнен бастап Сағындық Досжанов Халел және Жаһанша Досмұхамедовтармен бірге Алаш Орданың батыс бөлімін құру ісіне атсалысады. 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде Ж.Досмұхамедов және оның жақын жақтастары қазақ милициясын жасақтау мақсатында съезге жиналып, оған Х.Досмұхамедов, Е.Қасаболатов, М.Мырзағалиев және тағы басқалар қатысып, күн тәртібіне үкіметті сайлау, әскери құру және оны ұстауға қарсы жинау мәселелері қойылады [сонда, С.71]. Алаштанушы ғалым К.Нұрпейісов 1918 жылдың 18-21 мамыр аралығында Алаш Орданың батыс бөлімі жетекшілерінің сепаратистік пиғылы мен іс-әрекеттері көрініс тапты деп бағалаған Жымпитыдағы Орал өңірі қазақтарының ІҮ облыстық съезі өтеді. Съездің күн тәртібінде маңызды деген 20 мәселе қаралып, Ойыл уалаятының уақытша үкіметі құрылады. Алайда бұл шешім Комуч, Алашорда үкіметтері тарапынан қарсылыққа кезігеді. Сондықтан 1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліске қатысқан Алаш автономиясының делегаттары осы айдың 11-інде Алаш Орданың батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қояды. Алашорданың батыс бөлімшесінің төрағасы болып Ж.Досмұхамедов тағайындалады [5, 175-177-бб.]. Мәжіліске Алашорда мен Түркістан автономияларын Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай бастап барып, оған, У.Танашев, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, Әлиасқар және Ғұбайдолла Әлібековтермен бірге де С.Досжанов та қатысады [8,С.90]. Делегаттар жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, Алашорданың батыс бөлімшесін құру туралы шешімге қол қояды.

Азамат соғысы барысында майдандағы жағдай жылдам өзгеріп, Қазақстанның көпшілік аудандары кеңес өкіметінің бақылауына өте бастады. Алаш Орда сенім артқан антикеңестік күштердің солқылдақтығы, сондай-ақ алашорда өкілдерінің қудалануы, барлығы айналып келгенде Алаш Орданы жақтаушылардың қоғамдық-саяси белсенділігінің төмендеуіне әсер етіп, бірқатарының кеңестер жағына өтуіне әкелді. Кеңес өкіметімен ымыраға келу туралы келіссөздердің нәтижесіз аяқталуы, Алаш автономиясын антикеңестік күштер тарапынан баянды етудің сәтсіз болуы алаш қозғалысы өкілдерінің кеңестер жағына шығуына ықпал етті. Басқа да Алаш қайраткерлерімен бірге Сағындық Досжанов та кеңестер жағына өтеді. 1918 жылы 21 наурыз-3 сәуір аралығындағы Торғай облыстық кеңестер съезіне қатысып, облыстық атқару комитетінің құрамына еніп, президиум мүшелігіне өтеді [9, 146-б.].

Билікке келген сәттен бастап большевиктер алаш қозғалысы өкілдерінен қауіптеніп, оларды қайткен күнде де қоғамдық-саяси өмірге араластырмауды көздеген болатын. Оған төмендегі Революциялық комитеттің 1920 жылғы 5 наурыздағы қаулысы

дәлел болады. Қаулыда алаш өкілдерінің, оның ішінде Алаш Орданың батыс бөлімі қызметкерлерінің орал казактары және басқа буржуазиялық құрылысты жақтаушылармен одақтас болғандығын есепке ала келе, оларға кешірім жасалғанына карамастан, олардың Қазақстанда болуы кеңестік құрылыс ісіне зиянын тигізуі мүмкін, сондықтан олардың басшыларын өзге өңірлерге жіберу қажет деп көрсетілді [10, С.64-65].

Өлкелік революциялық комитеттің бұл қаулысына карамастан Бүкілодақтық атқару комитеті 1920 жылы 3 шілдеде «Алаш Орда үкіметінің бұрынғы мүшелерін кеңестік жұмысқа жіберу және олардың өткен іс-әрекеті үшін қуғындауды болдырмау туралы» қаулы қабылдайды. Қаулыда жергілікті халықтан шыққан зиялылардың өлкенің мәдени-экономикалық деңгейін көтеру үшін қажет екендігі, міне дәл осы мақсатқа оларды пайдаланып, оларға кешірім жарияланғаны айтыла келе, оларға алдағы уақытта бұрынғы әрекеттері үшін қуғындауды тоқтату туралы айтылады. Сонымен бірге Мәскеудегі Алаш Орданың батыс бөлімінің жетекшілері Халел және Жаһанша Досмұхамедовтерге, И.Қашқынбаевқа, К.Жәленовке қазақ өлкесіне келіп, кеңестік қызметке кірісуге рұқсат беріледі. Бұл басқа да Алаш Орда үкіметінің мүшелеріне қатысты болады [11, С.200]. Бұл кеңес өкіметінің бастапқы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени, саяси өмірдегі оңды өзгерістер арқылы қалың бұқаранының сеніміне кіру, қолдауына ие болу мақсатында жасалынған шараларының бірі болатын. Мұндай шаралар өмірдің барлық салаларын қамтығанымен көпке ұзамады.

Мұрағат деректерінен кеңес өкіметі орнағаннан кейін-ақ өзге қоғамдық-саяси қозғалыстарға тыйым салынып, олармен ымырасыз күрес жарияланғанын байқауға болады. 1922 жылы 5ақпанда өткен Ақтөбе губерниялық комитеті 2-Губерниялық партия конференциясында 1918 жылы Алаш Орданың құрылуына байланысты қазақ бұқарасының ұлттық сана сезімінің оянғаны, партия ұйымдарының қатарында ескі көзқарастардың бар екендігі, ендігі міндет осы құбылыстармен күрес жүргізу қажет екендігі аталып өтіледі [12, 10-парақ].

1930 жылдардағы белең алған жаппай қуғын-сүргін бұрынғы алаш өкілдерін де айналып өтпеді. Барлық деңгейдегі қызметкерлердің, тіпті қатардағы колхозшылар мен жұмысшылардың өткен өмірі тарихы қазбаланып, олардың алаш қозғалысымен байланысы тексеріліп, «әшкерә» болған жағдайда партиядан, жұмыстан шығару, «халық жауы» ретінде дереу жазаланып отырды. Партия қатарын тазалау шаралары барысында көптеген партия мүшелерінің бұрынғы Алаш Орда өкілдері болғандығы «әшкереленіп» дереу партия қатарынан шығарылды.

Алдымен Сағындық Досжанов 1932 жылы 5 жылға еңбекпен түзету лагеріне айдалады [3]. 1935 жылғы БК(б)П Ақтөбе облыстық партия комитеті Алаш Орданың 136 мүшесінің тізімін жасақтайды. Тізімде алаш қозғалысына белсене араласқан Тел Жаманмұрынов, Омар Есенғұлов және тағы басқаларымен бірге Сағындық Досжановтың да есімі аталды [13, 1-5-пп.]. Қазақтың бетке ұстар ұлдарының бірі Сағындық Досжанов өмірден 1938 жылы өтеді.

Қорытынды. Ақпан революциясына дейін бұрынғы Торғай облысы аумағында ағартушылық қызметпен айналысқан Сағындық Досжанов, революциядан кейін белсенді қоғамдық-саяси қызметпен айналысып, Алаш Орда үкіметінің жұмысына белсене араласады. Сағындық Досжанов Торғай облыстық екінші қазақ съезін ұйымдастырушыларының бірі болды. Мемлекеттік басқару формасы, қазақ облыстарының автономиясы, жер мәселесі, халыққа білім беру және тағы басқа барлығы он шақты өзекті мәселелерді қарастырған съезд, қазақ халқы үшін ұлттық-территориялық жалпықазақ автономиясын енгізу қажет деген қарарлар шығарған болатын. Облыстық қазақ съездерін ұйымдастыру мен өткізудегі белсенділігі

нәтижесінде Сағындық Досжанов жалпыұлттық деңгейге көтеріліп, Ә.Бөкейханов бастаған алаш көшбасшыларымен бірге екінші жалпықазақ съезін ұйымдастыруға атсалысады. Азамат соғысы жағдайындағы қалыптасқан ахуалға орай 1918 жылы қыркүйекте Алаш Орданың батыс бөлімін құру туралы мәжіліске қатысып, кейіннен соның жұмысына белсенді араласады. Дегенмен уақыт өте келе өзгерген жағдайда, брақ бұрынғы өзгермеген өз халқының мақсаттарын жүзеге асыру жолында кеңестер жағына өтеді. Кеңес өкіметі тұсында қандай қызметте болмасын ұлт мүддесін бірінші кезекке қойған, ағартушы, ұлт қайраткері, қазақ елінің тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығы жолында күрескен тұлғалардың бірі С.Досжанов басқа да алаш өкілдері секілді қуғын-сүргіннің құрбаны болып, 1938 жылы өмірден өтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т. 4: Қазақ съездері: Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Әл-шежіре, 2007. – 352 б.
- 2 Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
- 3 Протасов, Л. Г. Люди Учредительного собрания: портрет в интерьере эпохи [Текст] / Л. Г. Протасов. – М.: РОСПЭН, 2008. – С. 350.
- 4 Алаш-Орда: сборник документов / сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Айқап, 1992. – С. 192.
- 5 Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда [Текст] / К. Нұрпейісов. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 6 Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы [Текст] / М. Қойгелдиев. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
- 7 «Қазақ» газеті / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. – 367 б.
- 8 Мажитов, Р. С. Жаханша Досмухамедов [Текст] / Р. С. Мажитов. – Алматы: Арыс, 2007. – С. 216.
- 9 Тургайский областной съезд Советов [Текст]. – М., 1936. – 120 с.
- 10 Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919–1920 гг.): сборник документов. – Алматы: Ғылым, 1993. – 277 с.
- 11 История Западного отделения Алаш-Орды: сборник документов и материалов. Т. 1. – Уральск, 2012. – 459 с.
- 12 Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 516-қор. 1-тізбе. 84-іс.
- 13 Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 13-қор. 8-тізбе. 176-іс.

REFERENCES

- 1 Kazakh ylt-azattyk kozgalysy. T. 4: Kazakh siezderi: Kyzhattar men materialdar zhinagy. [Kazakh National Liberation Movement. Vol. 4: Kazakh Congresses: Collection of Documents and Materials]. Almaty: Al-shezhire, 2007. 352 b. – (In Kaz).
- 2 Alash kozgalysy: enciklopediyalyk anyktamalyk. [Alash Movement: Encyclopedic Reference Book]. Almaty: Sardar, 2014. 528 b. – (In Kaz).
- 3 Protasov, L.G. Lyudi Uchreditel'nogo sobraniya: portret v inter'ere epohi [People of the Constituent Assembly: A Portrait in the Interior of the Era]. Moscow: ROSSPEN, 2008. P. 350. – (In Rus).
- 4 Alash-Orda: sbornik dokumentov [Alash-Orda: Collection of Documents]. Comp. N. Martynenko. Alma-Ata: Aikap, 1992. P. 192. – (In Rus).
- 5 Nyrpeiisov, K. Alash ham Alashorda. [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 b. – (In Kaz).

6 Koigeldiev, M. Alash kozgalysy. [Alash Movement]. Almaty: Sanat, 1995. 368 b. – (In Kaz).

7 «Kazakh» gazetі. Ed. A. Nysanbaev. [The "Kazakh" Newspaper]. Almaty: Kazakh enciklopediyasy Bas redakciyasы, 1995. 367 b. – (In Kaz).

8 Mazhitov, R.S. Zhahansha Dosmukhamedov. [Zhahansha Dosmukhamedov]. Almaty: Arys, 2007. P. 216. – (In Kaz).

9 Turgaiskii oblastnoi s"ezd Sovetov [Turgai Regional Congress of Soviets]. Moscow, 1936. 120 p. – (In Rus).

10 Protokoly Revolyucionnogo komiteta po upravleniyu Kazakhskim kraem (1919–1920 gg.): sbornik dokumentov. [Protocols of the Revolutionary Committee for the Administration of the Kazakh Region (1919–1920): Collection of Documents]. Almaty: Gylym, 1993. 277 p. – (In Rus).

11 Istoriya Zapadnogo otdeleniya Alash-Ordy: sbornik dokumentov i materialov. T. 1. [History of the Western Branch of Alash-Orda: Collection of Documents and Materials. Vol. 1]. Uralsk, 2012. 459 p. – (In Rus).

12 Aktobe oblystyk memlekettik muragaty (AOMM). 516-kor. 1-tizbe. 84-is. [Aktobe Regional State Archives. Fund 516. Inventory 1. File 84]. – (In Kaz).

13 Aktobe oblystyk memlekettik muragaty (AOMM). 13-kor. 8-tizbe. 176-is. [Aktobe Regional State Archives. Fund 13. Inventory 8. File 176]. – (In Kaz).